

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 142 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 1282 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қыркүйектегі N 852 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.16 N 852 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. "Акционерлік қоғамның үлгі жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 142 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 6, 82-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Акционерлік қоғамның үлгі жарғысында:
1-тармаққа ескерту, 15, 16, 18 және 19-тармақтар алынып тасталсын;
20-тармақтың екінші абзацындағы "жыл, тоқсан немесе жарты жылдық" деген сөздер "жыл/тоқсан/жарты жылдық (қажеттісінің астын сызу)" деген сөздермен ауыстырылсын;

21 - тармақта :

1) тармақшадағы "артықшылықты акциялардың" деген сөздердің алдынан "орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде)" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) тармақшаның мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалады;
26-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ, егер сот немесе акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім шығарса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.";

27 - тармақта :

1) және 2) тармақшалардағы "төлеу" деген сөз "есептеу" деген сөзбен ауыстырылсын ;

3) тармақшадағы "төлеу" деген сөз "есептеу" деген сөзбен ауыстырылсын, "

егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса," деген сөздер алынып тасталсын;

28-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

29 - тармақта :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;" ;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;" ;

10) тармақшадағы "(халықтық акционерлік қоғамда - он)" деген сөздер алынып тасталсын ;

11) және 12) тармақшалар алынып тасталсын;

32-тармақтағы "газеттерінде" деген сөз "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

34 - тармақта :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;" ;

4) тармақша "сатып алуы" деген сөздерден кейін "және оларды сатып алу бағасы" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақша алынып тасталсын;

35-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Директорлар кеңесінің _____ мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады.
" ;

40 - тармақта :

бірінші абзацтағы "құрылады" деген сөз "құрылады/құрылмайды (қажеттісінің астын сызу)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "Қоғамның ішкі аудит қызметі" деген сөздер "Ол құрылған жағдайда, қоғамның ішкі аудит қызметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1-тараумен толықтырылсын:

"8-1. Қоғамның ірі акционерлерінің және лауазымды тұлғаларының өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты қоғамға ұсынуы

40-1. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі ұсынған мәліметтер негізінде жүргізеді.

40-2. Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты мынадай көлемде ұсынады:

Жеке тұлғалар туралы:					
Тегі, аты, әкесінің аты (болса)	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы мәліметтер	Туған күні	Аффилиирленгендігін тану үшін негіздемелер	Аффилиирленгендігінің пайда болған күні	Ескертпе
Заңды тұлғалар туралы:					
Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, заңды тұлғаның почталық мекен-жайы және іс жүзінде орналасқан жері	Аффилиирленгендігін тану үшін негіздемелер	Аффилиирленгендігінің пайда болған күні	Ескертпе	

40-3. Қоғамның акционерлері мен аффилиирленген тұлғалары аффилиирленген тұлғалар туралы ақпаратты тұлғаларды аффилиирленген деп тану үшін негіздемелер пайда болған (жойылған) күнінен бастап не акциялар сатып алынған (қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шарты жасалған) күнінен бастап 7 күн ішінде ұсынады.";

41-тармақтың екінші абзацындағы "баспасөз басылымы" деген сөздер " бұқаралық ақпарат құралдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі